



Дәрістің тақырыбы: «Дін философиясы»

Дәрістің мақсаты: Дін философиясы, діни сана және діни таным, философия тарихындағы дін мен Құдайға деген сенім мәселесін зерделеу

Алматы-2024

ДӘРІСТІҢ ЖОСПАРЫ

1. Дін дегеніміз не? Дін қашан пайда болды? Діннің мифтер мен діни жоралғылардағы символдық тілі. Сакральді және профанды әлем.
2. Дін философиясы: Аристотель, Августин, Фома Аквинский, Кант, Гегель, Фейербах, XVIII ғ. француз ағартушылары, Вольтер, Гольбах. Ньютонның Құдай туралы ойлары.
3. Декарт пен Спиноза, Ф.Шлейермахер мен С.Кьеркегордың дін философиясы.
4. Әлеуметтік ойшылдар: Дюркгейм, Вебер, Маркс, Парсонс, Малиновский, Рэдклифф-Браун дін туралы.
5. Діннің әлеуметтік функциялары
6. Қазақ мәдениетіндегі діннің орны

Дін жайында екі түсінік
қалыптасқан:


1. *Жер мен көк арасында рухани байланыс бар деген түсінік;*
2. *Латын тілінде «religio» ұғымы – қасиетті, табыну заты, объектісі, құдайға құлшылық, құдаймен кездесу, бірігу дегенді білдіреді.*



Мұсылман дінтанушылары

Мұсылман дінтанушылары дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім, бүкіл әлемді және адамды Жаратушы Алла адам баласының жүрегін өзіне ұштастыра жаратады, яғни адам Жаратушының ажырамас бөлшегі ретінде Тәңіріні өз жүрегі арқылы сезінуі керек дейді.

Мемлекеттік, ұлттық және әлемдік діндер. Дәстүрлі және дәстүрлі емес діни культтер



Діннің әлеуметтік функциялары

1. Компенсаторлық – толықтырушы, жұбатушы
2. Интеграциялық – қоғамды ұйыстырушы
(дезинтеграциялық, идентификациялық)
3. Регулятивтік – реттеушілік, тәртіпке келтірушілік
4. Дүниетанымдық – өмірмәндік
5. Коммуникативтік – қарым-қатынас
(Жаратушымен және қоғамдағы адамдармен)
6. Идеологиялық – саяси басқару, бір мүдде маңына жұмылдыру
7. Мәдениетасмалдаушылық қызметі – мифтер, діни ритуалдар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, фольклор.

«Адамдарды кейде өзгелердің жетістіктері ашуландырып, мазасыздандырса, Құдайды адамдардың күнәлары ғана ашуландырады».

Халық мақалы

- Теология: «Қай діннің жолы ақиқат, Құдай бар ма?» деген сауалдарға жауап береді.
- Дінтану болса, діндердің шығуы мен даму заңдылықтарын зерттейді.
- Дін философиясы: Құдайға деген діни сенімнің ақиқат өлшемдеріне сай не сай еместігін қарастырады.

Фридрих Шлейермахер (1768-1834)

- Неміс философы, протестанттық теолог. Спиноза мен Канттың идеяларын жалғап, Гегельдің дінді логикаландыруына қарсы шыққан. Шлейермахердің ойынша, дін дегеніміз сезім, түйсік. Ұғымдар мен қағидалар дінге жат. Олар сезімнің көріну мүмкіндігі ғана.



Дін философиясы

- Натурализм
- Деизм
- Пантеизм
- Политеизм
- Монотеизм
- Дао
- Брахма
- Логос
- Теос



- **Эмиль Дюркгейм (1858-1917)** дінді ең бірінші әлеуметтік құбылыс деп біледі. Қоғамның өзі адамдардың Құдайға деген сенімінің арқасында қалыптасқан.

Э.Дюркгеймнің пікірінше, әлеуметтанудың міндеті діннің әлеуметтік ролін анықтау. Діни жоралғыларды орындау адамдарды белгілі бір сенім, діни әлеуметтік қатынастар маңына топтастырады. Яғни дін қоғамның біртұтастығын қамтамасыз етуде интеграциялық қызмет атқарады.

Сондай-ақ дін әлеуметтік факт болып табылады. Әлеуметтік факт адамға ерекше әсер етуші материалдық заттар да, рухани құндылықтар да болуы мүмкін. Діни кітап, кесене, жоралғылар, сенімдер т.б.

- Э.Дюркгейм: дінді қоғамның пайда болуына әсер еткен маңызды фактор деп біліп, оны таза әлеуметтік құбылыс қатарына жатқызады.
- О.Конт болса, діннің болашағына қатысты: «Келешекте діннің орнын ғылым басады. Бәріне ортақ Адамзат діні пайда болады» деп есептейді.



- Бронислав Малиновский (1884-1942) – ұлты поляк, мамандығы – физик-математик, Британдық антрополог.


Бронислав Малиновский

- Б.Малиновскийдің пікірінше, діннің бүгінгі күнге дейін жоғалып кетпеуінің себебі, адам баласына өмірде қайғы-қасірет, қиынқыстау жағдайлар кездесіп отырады. Сонда оған рухани тірек, қолдау қажет. Сондықтан да дін, Құдайға деген сенім адамзат қоғамымен бірге жасап келеді. Дін сонымен бірге адамның өз күші сарқылған жерде іске қосылады. Яғни түрлі қиындықтар мен сәтсіздіктерде магия мен сиқыр адам жеңілісін ақтап, сәтсіздіктердің әкелген ауыртпалықтарын жеңілдетіп отырады.



Ағылшын этнографы Рэдклифф-Браун (1881 -1955) дін мен магияның қызметін тек қиынды жеңілдету, қорқынышты сейілту ғана емес, оларды өршіту де екенін айтады.

Карл Маркс (1818-1883г.г.)



«Философы лишь различным образом **объяснили** мир, но дело заключается в том, чтобы **изменить** его».

Карл Маркс

Неміс философы, социологы, экономист, қоғам қайраткері Карл Маркс дінді «Адамды адамның қанауын, әлдінің әлсізге зорлық-зомбылық көрсетуін бүркемелеуші жалған сана» деп есептейді. «Дін дегеніміз жансыз, қатыгез тәртіптің – рухы, жүрексіз әлемнің – жүрегі. Дін – апиын» деп көрсетеді.



- Макс Вебер адамның дінге қатысты іс-әрекетін әлеуметтік әрекет ретінде қарастырады. Ол тарихи дамудағы діннің рөлін діннің әлеуметтік өзгерістермен байланысын зерттейді.

М.Вебер – діндер типологиясы:

- 1 – тип: Қытайдағы даосизм мен конфуциандық. Бұл діндер әлемге ыңғайластырылған діндер. Яғни әлем сырын түсінуге, үйлесімділікке ұмтылады.
- 2 – тип: Үнділік индуизм мен буддизм. Бұл діндер әлемнен безіну, аскеттік өмір-салтын ұстануға шақыратын діндер.
- 3 – тип: Иудаизм мен Христиандық. Бұл діндер әлемді игеру діндері.

Әлемге деген қарым-қатынас

Әр дін әлемге деген қарым-қатынастың бір типін береді. Әрқайсында көптеген адамдар бұқарасының өмір салты, стилі, олардың эпосы, фольклоры негізделген. Әлемдік діндер өйткені бұл этикалық діндер, құтқарушы діндер, мейірімге үндеп, қатыгездікке қарсы тұрушы діндер.

Қазақ мәдениетіндегі діннің орны

Генотиптік діндер жүйесі

- 1. Генотиптік діндер жүйесі*
- 2. Сырттан қабылданған кірме діни жүйелер*
- 3. Ислам. Шаманизм, зороастризм, тәңірлік дін.*

Генотиптік жүйе деп – рулық-тайпалық қауымға тән арғы ата-текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады.

Аруақ

- Генотиптік сенімнің орталық бейнесі – аруақ. Әлі күнге дейін қазақтар «Иә, аруақ, иә Құдай, қолдай гөр, пәле жалаңнан сақта!» деп құдай мен аруақты қатар атайды.
- Шоқанның пікірінше, қазақтар өмірдің қиын сәттерінде ата-бабаларының есімдерін еске алады. Кез келген табыс аруақтың қолдауымен болады деп есептейді. Ғалымның ойынша, ас беру салты алдымен өлген адамға арналған, кейін келе “еске алу” кейпіне енген. “Әкесіне ат мінгізіп жіберді, аруағын сыйлады”. Ал әке аруағын сыйлай білмегенді келемеждеп “әкесіне сиыр мінгізді” деген.

Генотеистік діни жүйенің іздерін қазақтың мәдени дәстүрлерінен де көруге болады

- Құда түсу рәсіміндегі – ант ішу (түпкі мағынасы – қан ішу), “құйрық-бауыр жеу”, “өлі-тірісін атқару” тікелей аруақтарға меңзеп тұр.
- Жерлеу дәстүріндегі жетісін, қырқын, жылын атап өту, “тұл жасау” т.б. ата-тектік наным-сенімдерге негізделген.

Ислам және қазақ халқының рухани құндылықтары

- Ислам діні келгенде халықтық наным-сенім жоғалып кеткен жоқ. Олар мұсылмандық сипат алып, исламдық мазмұнға ие болды. Көк Тәңірі – Аллаға, аруақтар – пірлерге, машайықтарға, құдайдың көмекшілеріне, ескі демондар (албасты, жезтырнақ, обыр) – ислам түсінігіндегі жын-шайтандарға айналды.

Генотеистік діни жүйенің іздерін қазақтың мәдени дәстүрлерінен де көруге болады

- Құда түсу рәсіміндегі – ант ішу (түпкі мағынасы – қан ішу), “құйрық-бауыр жеу”, “өлі-тірісін атқару” тікелей аруақтарға меңзеп тұр.
- Жерлеу дәстүріндегі жетісін, қырқын, жылын атап өту, “тұл жасау” т.б. ата-тектік наным-сенімдерге негізделген.

Ислам және қазақ халқының рухани құндылықтары

- Ислам діні келгенде халықтық наным-сенім жоғалып кеткен жоқ. Олар мұсылмандық сипат алып, исламдық мазмұнға ие болды. Көк Тәңірі – Аллаға, аруақтар – пірлерге, машайықтарға, құдайдың көмекшілеріне, ескі демондар (албасты, жезтырнақ, обыр) – ислам түсінігіндегі жын-шайтандарға айналды.

Дәстүрлі және дәстүрліемес діни культтер

- Транс жағдайының пайда болуының физиологиялық механизімін ХХ ғасыр басында орыс ғалымы А. Ухтомский зерттеген. Ол транста болған кез- келген адамның санасы трансформацияға ұшырайды. Ол транс камланиямен бе, ритмикалық дыбыстармен бе, ғылыми лингвистикалық практикамен бе, медитациямен бе, есірткімен бе қалай шақырылса да адам санасына зиянды құбылыс болады деп қорытынды жасаған. Дәстүрлі дінде бұған қатаң тиым салады.

- Дәстүрлі діндерде адам жанының құдаймен бірігуі магиялық практика, «сырт күш», «рух», «табиғат объектілері», «Абсолют», «космостық ақыл-ойға» табыну арқылы болмайды.

Дәстүрлі дінде адамды бірдей құндылықтар мен принциптер біріктірсе, сектанттық ұйымдарда керісінше адамдарды ұйым басшысы немесе рухани ұстаз абыройына бас ию мен ұйым мүшелерінің өзара қарым-қатынастары біріктіреді. Сондықтан да дәстүрлі діндерде жұмсақтық, бостық басым көрініс табады, ал жаңа құрылымдарда темірдей тәртіп арқылы өз құрамындағы адамдардың өмірі толығымен бақылауда болады.

Секталардың жұмысы

Дінтанушылар мен психологтар жаңа діни құрылымдардағы жұмыс негізінен жастарға бағытталған деген тұжырым жасайды. Алғаш келген жас өспірім бүкіл топтың ерекше назарында болады. Оған оны Құдайдың қалай сүйетіндігі, оның өзінің жоғары міндеті туралы, күнәға толы осы өмірде тек осы «жанұяда» адамдар бірін-бірі қадірлейтіндігі туралы айтып, сендіреді. Жас адамның ойлау қабілетін тоқтататын әдістерді қолдану арқылы оны “ерікті” түрде иландырады. Осылайша рухани ізденістегі адамға да, өмір тәлкегінен күйзеліске ұшыраған адамға да бұл ұйымдар қамқоршы болып көрінеді. Бірақ олардың берген жұбанышы уақытша және алдамшы, өйткені олар өмірдегі нақтылы нәрсені өзгерте алмайды. К.Маркстің діни жұбаныш әдісін апиынмен салыстырғаны сияқты, ол дерттен айықтырмайды, ол сол сәтінде ауруды ғана сездірмейді. Сектадағы адам діни идеологиялық шырмауда қалады.